

Меңдігереев К.Б., тарих ғылымдарының кандидаты
Атырау инженерлік гуманитарлық институты

Асилов Қ., аға оқытушы,
С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ

Ассамблея – елдіктің, бірліктің, достықтың символы

«Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбатысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық» деген екен Төле би бабамыз. Оның ішінде ең тәттісі деп отырғаны – сыйластық, ол тек адамдардың арасында ғана емес, сондай-ақ ел мен елдің, ұлт пен ұлттың арасындағы сыйластық деп түсінетін болсақ, онда сол сыйластыққа сызат түсірмей келе жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясы дер едік.

Ассамблея – бүгінде шын мәнінде кеңесе отырып, ойласып небір шешімдерді кеңінен, парасатты ұйғарыммен үйлестіретін қазақстандық (ешбір ТМД елдерінде жоқ) ұйымға айналып отыр. «Біз, – дейді Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев, – дербес мемлекет құру бақытына ие болған әлемдегі 193 ұлттың біріміз. Басқа бақыттың қонуы бір бөлек, сол бақытты бағалай білу бір бөлек». Мемлекет негізгі дәйектемеде Конституцияға негізделеді. Ал тәуелсіздікті сақтау үшін сенім, келісім, тұрақтылық, әлеуметтік – экономикалық бағдар, түсіністік, әділдік, ар, ұят, жауапкершілік сынды қазақ қоғамына тән ең қымбат алтынға айырбасталмас құндылықта екенін түсінуіміз өте қажет сияқты екенін, әрбір қоғам азаматы білуге тиістіміз. Біз секілді көпэтносты қазақ мемлекетінің қоғамы түсінуге тиіс деп топшылаймын.

2015 жыл 25 ақпан «Егемен Қазақстан» газетінде, Атырау университетінің (Гурьев педагогика институты), түлегі Қазақстан Республикасы Мәжілісінің бұрынғы депутаты, Қ. Жұбанов Ақтөбе мемлекеттік университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы Айталы Амангелді ағамыз былай дейді: «Бүгін біздің студенттерімізге еліміздің басты байлықтары неде деп сауал қойсаңыз, ең алдыменен мұнай, газ, жер, пайдалы қазбалар алтын, күміс, қола т.б, соңғы кездерде «инвестициялар, инновациялар», Ал кейбіреулері «ақша» дегендей жауап аламыз. Яғни басқаша айтқанда материалдық байлықты алға тартамызда, рухани-мәдени, адамазаттықпен парасаттылық байлықтарымызды ескере бермейді» деп болашақ ұрпақ жөнінде өз пікірін

білдіреді. ХХІ ғасырдың әлемдік жетістіктері мүмкін, оңай іске, оңай олжаға жас ұрпағымызды жетелеп бара жатқанына, болашақ ұрпақтың тым осындай жеңіл-желпі ойланып іс-әрекетке жүгінетіндігіне, кей кезде ұстаз ретінде мен өзімізді кінәламаймын. Себебі Елбасымыз айтқандай, «келер болашақ, жас ұрпақ тәрбиесі қоғамдағы аға-тәрбие буын қолында, егер біздер кезінде сол жас ұрпақты қазақ қоғамының патриоты дәрежесінде тәрбие бере алмасақ, Ұлт ретінде – қоғам ретінде жоғалғанымыз», – деп нүкте қойған. Бір кездерде жер ананың берер байлығы мүмкін сарқлыар, ал кісілік, имандылық, ұлтаралық түсіністік, өзара сыйластық қай заманда да баға жетпес құндылық болып қала бермек. Қазіргі заман – шапшаң заман. Оның жылдамдығына, екпініне көпшілігіміз ілесе алмай жатамыз. Сондықтан біз Елбасынан үлгі алуымыз керек, Ұлт көшбасшысының жаңашыл жылдамдығына, іс-әрекетіне, сапалы ой пікірлеріне таң қалмасқа болмайды. Асылында «Мәңгілік Елдің» тұғыры – ұлттың мемлекет идеясы. Англияның тарихи тұлғасы Уинстон Черчилль: «Өркениеттің негізгі қағидаты – билеуші топ халықтың көне дәстүрлері мен ерік-жігеріне бағынуы» деген екен. Осы дуалы ойды парықтасақ: Елбасы қазақ қоғамының негізгі ұстанымы – ұлттың тарихи арман-аңсауы мен мұраттарын алға тарта отырып, біздің тарихымыз, көне сақтар мен ғұндардан, Көктүріктер мен Қазақ хандығының ұлттық мемлекет құру идеясынан суарылған даналықты, Ұлы Даланы мекендеген Қазақ елін «Мәңгілік Ел» идеясына әкеліп ұластыруда. Ұлт көшбасшысы «Қазақ Елі» идеясын жайдан-жай көтерген жоқ.

«Мәңгілік Ел» мұратын жүзеге асыратын ұлттық саяси институт ретінде әлеуметтік-философиялық айналымға енгізе отырып, тілге байланысты баршамызға терең ой тастап отыр. Елбасы: «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді Қазақ Мемлекеті» деп атайтын боламыз деуінде және «Дәстүрмен мәдениет – ұлттың генетикалық коды» екенін қадап айтқан болатын. Бұл біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлт пен ұлыстарды ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея. Қазақ елінің ұлттық идеясы – «Мәңгілік ел» деген ұғымды ұдайы басшылыққа алуға тиіспіз. «Мәңгілік Ел» идеясы – бабаларымыз қилы заманнан бері аңсап келе жатқан арманы еді. Соның бүгінде жүзеге асқалы тұрғанын көргендейміз. Заманында Абылайхан күрсіне былай деген екен: «Бар еді үш арманым әттеген-ай, біріншісі, ел қылып, қала салып, біріктіріп кете алмадым», – деп көкірегі қарс айырылып, өкініп кеткен екен. Сол бабаларымыздың арманы, мінекей, бүгінде орындалып жатыр. Арман болған заманның куәгерлері – сіздер мен біздер бақыттымыз. Аллаға шүкір дейік, барды ұқсатып көре білейік, қанағатшыл болайық. Қасиетті қазақ жерінде өмір сүріп жатқан әр алуан диаспоралар

тарихи өткенін жинақтаған Қазақстан, этностық құрамы бойынша интернационалдық мемлекет болып табылатындығымыз тағы бар. Келісім мен бірлікті ту еткен еліміз – сан түрлі ұлт пен ұлыстардың Отаны, татулық орнаған шаңырақтың айрықша үлгісі. Қазақ халқының этностық ұлттық және діни төзімділігі бүкіл әлемде Евразия құрлығының басым бөлігіндегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды факторы ретінде қаралмақ. Халық бірлігі, қоғам тұрақтылығы, мемлекетіміздің қарқынды дамуы – бүгінгі және болашақ өміріміздің мәңгілік құндылықтары, егемендігіміздің мызғымас іргетасы.

Аннотация

В данной статье опубликовано развитие дружественных отношений между представителями национальностей.

Annotation

In this article were published the development of friendly relations between the nationalities.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Н. Назарбаев. Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің негізін қалаушы (Ассамблеяға 10 жыл)
2. Н. Назарбаев: Қазақстан халықтарының Ассамблеясы 10 жыл
3. Айталы Амангелді. «Тіл мен Діл» // «Егемен Қазақстан» 2015 жыл 25 ақпан
4. Н. Назарбаев. «Ғасырлар тоғысында»
5. Алдан Смайыл. «Мәңгілік Елдің тұғыры» // «Егемен Қазақстан» 2015 жыл 25 ақпан